



Бекітемін

Мектеп директоры

М. Айтжанова

2023-2024 оқу жылындағы педагог- психологтың жылдық есебі

Педагог-психолог: Сулейменова С.К

«Ұялы ауылының негізгі орта мектебі» КММ
Педагог-психологының 2023-2024 оқу жылында атқарған жұмыстарының
жылдық есебі

Психологиялық қызметтің мақсаты:

Білім беру ұйымдарында білім алушылардың психологиялық денсаулығын сақтау, қолайлы әлеуметтік - психологиялық жағдай жасау және білім беру үрдісіне қатысушыларға психологиялық қолдау көрсету.

Оқушылар арасында буллинг, кибербуллинг, психикалық денсаулыққа, репродуктивті денсаулыққа дер кезінде көмек көрсету;

Оқушылардың өзін тануына, айқындауына және дамытуына мүмкіндік беру, бала дамуындағы табиғи механизмдерді сақтау;

Педагогтардың, ата - аналардың қарым-қатынас жасау біліктілігін, психологиялық – педагогикалық жағымды дағдыларын жетілдіру.

Психологиялық қызметтің негізгі міндеттері:

- Білім алушылардың тұлғалық және зияткерлік дамуына ықпал ету, өзін - өзі тәрбиелеу және өзін - өзі дамыту қабілетін қалыптастыру;
- Білім алушыларға ақпараттық қоғамның жылдам дамуында олардыңтабысты әлеметтенуіне психологиялық тұрғыдан жәрдем көрсету;
- Білім алушыларды психологиялық - педагогикалық зерделеу негізінде әрбір білім алушыға жеке тәсілді қамтамасыз ету;
- Психологиялық диагностиканы жүргізу және білім алушылардың проблемаларын шешу бойынша психологиялық түзету жұмыстарын жүзеге асыру;
- Білім алушылардың психикалық денсаулығын сақтау;
- Психологиялық проблемаларды шешуде және оқу - тәрбие жұмыстарының қолайлы әдістерін тандауда ата - аналар мен педагогтерға консультациялық көмек көрсету; мәселелерді шешуде психологиялық көмек және қолдау көрсету;
- Білім беру үрдісі субъектілерінің психологиялық-педагогикалық құзіреттілігін көтеру. Ұстаздар мен ата - аналардың психологиялық құзіреттілігін арттыру;

Психодиагностика. Психопрофилактика. Психологиялық кеңес беру. Психологиялық түзету. Психологиялық ағарту.

Оқу жылы барысында 5 бағыт бойынша төмендегідей жұмыстар атқардық:

1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын тексеру мақсатында тест жұмыстарын алып, мектепке балаларды қабылдауға қатыстық. 1 сынып оқушыларының мектепке даярлығын анықтау үшін Йерасек-Керн тесті пайдаланды. Бірінші сыныпқа қабылданған балалардың таным процестері зерттелді. Нәтижесінде оқушылардың мектепке дайындық деңгейлері анықталып, танымдық қасиеттерінің қалыпты дамығаны анықталды.



Сонымен қатар 5 сынып оқушыларының ортаңғы буынға ауысуы кезіндегі бейімделуін анықтау мақсатында сауалнама алынып, арнайы жұмыстар атқарылды. 2-4 сынып оқушыларынан «Отбасы» проективті әдістемесі алынды. 6-7 сынып оқушыларының мектеп мотивациясын скринингілеу мақсатында Лусканованың сауалнамасы жүргізілді. 9 сынып оқушыларына «Үй, ағаш, адам» проективті әдістемесі жүргізілді.

Филлипс тесті, өзін – өзі бағалау, Түзету жаттығулары жүргізілді. Нәтижесінде 1, 5 сынып оқушыларының жоғары сыныпқа бейімделулерінің жеңіл өтуіне өз үлесімізді қостық.

Сондай-ақ 2-9 сынып арасында «Өзін-өзі бағалау», «Социометрия» тесттері алынды. Нәтижесі сынып жетекшілерге хабарланып, топ ішіндегі балалар мен шет қалған балаларға кеңес берілді. Жаттығу жасалды.

Сәтсіз жанұя балаларымен жұмыс жоспары жоспарланды. Сол жоспармен жұмыстар атқарылуда. Балалардың отбасылық жағдайы және балалардың көңіл-күйлері бақыланып отырылады.

1-9 сыныптың оқушыларының көңіл – күйлері таңертеңгілік уақытта дәлізде бақыланады, эмоциялық жағдайлары анықталады. Сынып жетекшілерімен байланыс орнатылып, әр баланың жағдайы сұралды.

9 сынып оқушыларынан мамандыққа икемділіктерін зерттеу мақсатында «Кәсіби ой-ниет» сауалнамасы жүргізілді. Мамандық бойынша қызықтырған сұрақтарға жауаптар беріліп, кеңестер айтылып өтілді. Нәтижесінде оқушылар кәсіби бағыт-бағдар алып, болашақтағы қалаған

мамандықтарын анықтады. Оқушылардың Мінез акцентуациясын анықтау мақсатында 7-8 сынып оқушыларынан Шмишек сауалнамасы алынды.

5-8 сынып оқушыларымен Филлипстің мектептегі мазасыздық пен агрессия деңгейін анықтау мақсатында тест жүргізіліп, нәтижесі бойынша оқушылардың қобалжу деңгейі факторлар бойынша жоғары еместігі анықталды және мектепшілік «Оқушылардың бойындағы қобалжуды, стрессті, агрессивтілікті диагностикалау» үшін Г.Айзенк сұрақнамасы, «Кондаш бойынша Қобалжу» 6-11 сынып оқушыларынан сауалнама алынды нәтижесі бойынша оқушылардың бойында қобалжу, стресс деңгейі қалыпты екендігі анықталды.

Әлеуметтік педагогпен бірлесе ерекше балалардың үй жағдайымен таныса отырып, ата-аналарына қажетті ақпараттар беріліп, кеңестер айтылды. Баланың көңіл-күйі, сабаққа деген ынтасы, мұғалімдермен қарым-қатынасы бақыланып отырылды.

Сонымен қатар мектеп оқушылары арасында психологиялық қиындықтардың болмауы мен алдын алуға байланысты іс-шаралар атқарылып отырылды.

Оқу жылы барысында ерекше назардағы оқушылардан «Өмір құндылықтары» жаттығу өткізілді. Кеңестер берілді.

Сыныптағы достық атмосфераны қалыптастыру, орта буынға бейімдеу мақсатында «5 – сынып дегеніміз не?» 5 сынып оқушыларына тренинг сабақ өтілді. 1 сынып оқушыларын мектепке бейімдеу мақсатында «Алақай, мен оқушымын!» тақырыбында тренинг сабақ өтілді. Жасөспірімдер арасында суйцидтік мінез-құлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар жүргізілді. «Өмірлік құндылықтар», «өмір туралы» ойларын білу мақсатында «Мен өмірді сүйемін» эссесі, 7-9 сынып оқушыларынан «Суйцидке бейімділік зерттеу» тесті алынды. Түзету жұмыстары жасалынды. Осы тақырыпта ата-аналармен де үнемі әңгімелесу өткізіліп тұрады. Сынып жиналыстары мен ата-аналар жиналысында сұраныс бойынша тақырыпқа сай ақпараттар беріліп, ағарту жұмыстары да жүргізілді. Нәтижесінде балалардың бойында өмірге деген дұрыс көзқарас қалыптасып, ата-аналар өздеріне қажетті мәліметтерді алды.




Зорлық – зомбылықтың алдын алу мақсатында балалармен лекция, түсіндіру жұмыстары, сақтану жолдары тақырыбында шаралар өтті. Жасырын сауалнамалар алынды, сауалнама нәтижесі бойынша ешқандай факт анықталмады.

Мектепте «Біз біргеміз!» ата-аналар клубы құрылды. Ата-аналарға қоғамда болып жатқан келеңсіз оқиғалар туралы айтылып, бала қауіпсіздігіне ерекше назар аудару керектігі айтылды. Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынас бойынша кеңестер айтылды. «Неліктен балада қиындықтар туындайды» тақырыбында 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуін қолдау бойынша ата-аналарға ұсыным, кеңес беру жұмысы жүргізілді. «Бақытынды балаңнан ізде» тақырыбында ата-аналарға коучинг сабағы өткізілді. 7-8 сынып оқушыларына «Діннен адастыратын ағымдар» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілді.

Мектеп ұстаздарымен, жас мамандармен олқылықтардың орнын толықтыруда балалардың психикалық қасиеттеріне назар қою, жас мамандарға буллинг, өзін ұстау, балалармен қарым-қатынас бойынша кеңестер берілді. Әр сыныптармен топтық профилактикалық жаттығулар жүргізілді, олар өзіне сенімділігін арттыру, көңіл-күйін көтеру, коммуникативтілікті, еңбекқорлықты дамыту, өзін-өзі тану. Өмірді, ата-анасын, айналасын сүйе білуге дамыту жұмыстары жүргізілді.

«Біз біргеміз» 1 сынып оқушыларымен тренинг өткізілді. Сынып ата-аналар жиналыстарында «Суицид» ұғымымен таныстырылды. Сабақ кезінде жеке оқушылардың бабын табу мәселелері пән мұғалімдерге кеңес ретінде ескертілді. Сынып жетекшілер оқушыларды сырттай бақылап, ата-аналармен тығыз байланыста болу. 8-9 сынып оқушыларынан Превенция бағдарламасы бойынша жұмыстар жүргізілді. Олар: сауалнама, сұхбат, сабақтар, психологиялық жаттығулар, вахтерларды оқыту және бақылау, ағарту, алдын алу, түзету жұмыстары.

Сонымен қатар психологиялық апталық өтті. Онда «Мен бақыттымын, өйткені» деген балалар бланк толтырды. «Жеткіншек шақ!» тақырыбында 6 сынып оқушыларына арналған психологиялық сабақ өтілді. Әр сыныппен достық, көңіл-күй ұғымында «Жабығу сәтінде өз мінез-құлқыңа баға бер» тақырыбында 8-9 сыныптарға тренингер өткізілді. 9 сыныппен «Өзгерісті қабылдау» тренингтік жаттығулар өткізілді.



«Өмір қандай керемет» атты 1-4 сынып арасында фотогалерея байқауы өтіді. Және тағы адами қалыптасуына байланысты жаттығулар, сырттай бақылау жұмыстары өткізіледі.

9 сынып оқушыларын емтиханға психологиялық дайындау мақсатында стрестің, қобалжудың алдын алу үшін түсініктеме берілді. Ол үшін өзгеріс қажет және өзгерісті қабылдау қажет екені айтылды.

«Визуализация» жаттығуы орындалып, оқушыларға керемет болашақты елестетуге мүмкіндік берілді.

Зорлық-зомбылық пен қатыгездіктің алдын-алу, қауіпті интернет, жасөспірімдер арасында интернетке тәуелділіктің алдын алу мақсатында ата-аналарға түсіндірме, ағарту жұмыстары жүргізілді. Ата-аналар психологиялық, физиологиялық зияндарымен танысты. Балалардың интернеттегі виртуалды достары, шынайы достары туралы, қарым-қатынас, адам тануы, эмоциясы, мінез-құлқындағы жақсы қасиеттерге кедергі болатыны айтылды. Сонымен қатар интернеттегі ойындар: «Қальмары», «синий кит», роботтармен атысу ойыны, ғарыштағы соғыс ойыны т.б, сонымен қатар әртүрлі мультфильмдер туралы ақпарат айтылды. Смартфонға қатысты әртүрлі келеңсіз жағдаяттарға байланысты видео-роликтер көрсетілді.



Ата –ана сұрақ қойып, өздерінің мәселелерін айтып, пікір алмасты.

5, 6, 7, 8, 9 сынып оқушылары арасында Зиянды әдеттің алдын-алу және түзету, темекінің түрлері, оның құрамы, адам денсаулығына әсер ететін заттар туралы мәлімдеме айтылды. Электр темекі не үшін қауіпті? деген сұраққа ақпарат берілді. «Электронды темекінің зияны» атты видео-ролик «Темекі тартатын оқушылар» атты видео-ролик көрсетілді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың (суицидке бейімділік) алдын алу бойынша 8-9 сынып оқушыларына арналған психокоррекциялық сабақтар өткізілді. Мақсаты: Өзінің сезімін, ойын, көңілін еркін білдірте алатындай сыныпта жағымды ахуал орнату. Қысымнан арылтып, әлеуметтік дамыту. «Көңіл-күй» ұғымымен таныстыру. Өзара достық, мейірім қатынасты нығайту. Өзіне деген сенімділігін арттыру.



Жыл бойына 6-9 сынып оқушыларының арасында құқықбұзушылықтың алдын-алу(әңгімелесу) мақсатында оқушыларға презентация, видороликтер көрсетіліп ақпараттандыру жұмысы жүргізіліп отырды.



5-9 сынып оқушыларының арасында әлімжеттік пен буллинг, кибербуллингтің алдын алу мақсатында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Оқушылармен әңгімелесіп буллингке тап болған жағдайда не істеу керек екендігі жайында кеңестер берілді. «Қандай қиындық бар?» тақырыбында үлгерімі төмен оқушылармен сұхбат жүргізілді.

Сабақта «Оңтайлы әдістерді қолдану» тақырыбында мектеп мұғалімдеріне кеңес берілді. Қиындық туындағанда оқушылармен «Себебің қандай?» тақырыбында кеңес беру жұмыстары жүргізілді. Жыл бойына «Сенім телефонына» түскен өтініштермен жұмыс жүргізілді.



МАД топтарында: психогимнастика, босаңсу жаттығулары, таным қабілетін арттыратын ойындар ойналды. Ортаңғы топтарда баланың өзінің сыртқы келбетінің жағымды әсерін дамыту, өзін «Мен» тұлға ретінде сезінуіне ықпал етілуіне тренинг жүргізілді. Әр- беру арқылы ұсақ және жалпы моторикасы, ес, қиял, жан-жақты ойлауы дамытылды. Сонымен қатар мектеп бітіруші түлектерменде түрлі сауалнамалар алынып, дөңгелек үстелдер өткізілді.



Мектепте оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар деп аталатын санаттарды қамти отырып, психологиялық қызмет оқу – тәрбие үрдісін жақсартуда, ұжымда жағымды психологиялық ақуалды орнату мақсатында психологиялық сүйемелдеу жұмыстар жүргізіліп, өз үлестерімізді қостық.

Орындаған мектеп психологы: Сулейменова С. К

